



**Автор:** Кулиев Турекбек Сактапбергенович

**Пән:** Қазақ тілі (Т1)

**Сынып:** 5-сынып

**Бөлім:** Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі

**Тақырып:** Жануарлар әлемі.

Жануарлар әлемі.	<p>Т/А1 Болжау Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау. ӘТН 4.2; Грамматикалық норма Зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану.</p> <p>Сабақтың мақсаттары:Барлық оқушылар: 1) Тақырыпты иллюстрациялар арқылы болжайды; 2) Мәтіннен зат есім сөздерді табады. Көптеген оқушылар: 1) Болжауда тірек сөздерді қолданады; 2) Зат есімдерді түрлендіре қолданады. Кейбір оқушылар: 1) Болжауына дәлел келтіреді, түсіндіреді; 2) Зат есімнің түрленуіне түсінік береді, ереже шығарады.</p> <p>Бағалау критерийлері:Тыңдалым, айтылым мақсаты бойынша: тақырыпты болжау барысында өз ойын дәлелдейді; тірек сөздерді түрлендіреді. Әдеби тілдік норма бойынша: сөйлемдер құруда зат есімдерді түрлендіре қолданады; әр жалғау қызметін ажыратады және дұрыс қолданады.</p>
------------------	---

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Жануарларәлемі. (20.11.2019)</p>	<p>Қызығушылықты ояту 1. Сәлемдесу, сабаққа дайындық. 2. Бейнематериал тамашалау. (2 мин 30 сек) 3. - Ал сіздер қаншалықты жануарларды жақсы білесіздер? (5-6 жұмбақ шешу) 4. Сабақтың тақырыбын болжау. 5.Сабақтың мақсаттары мен бағалау критерийлерімен танысу. Мағынанытану Тыңдалымалды тапсырмасы: Берілген жануарлардың, аңдардың, құстардың төлдерінің суреттері, тірек сөздер бойынша тыңдалым тақырыбына болжам жасату. Топтасу. Ортаға үш оқушы шығады. Тілімше қағаз суыру арқылы топ аты анықталады. (Мысалы: «Қонжық», «Бота», «Мөлдір»). Олар кезекпен бір-бірден өз тобына «төл» жинайды. Топтық жұмыс. Оқушыларға топтық жұмыс тапсырмалары таратылады.</p> <p>Қалыптастырушы бағалау жұмысы Тапсырма. Суреттерде берілген жануарлар мен аңдар, құстар туралы зерттеу кестесін толтырыңыздар. Берілген тірек сөздерді пайдаланыңыздар: үй жануарлары, түз тағысы, жыртқыш, төл атаулары - абылай, алан, бөлтірік, марғау, көгілдір, баршын, құралай, еңлік. Бағалау критерийі: Сөйлемдер құруда зат есімдерді түрлендіре қолданады. Зерттеу кестесі 1-топ Жануарлар мен құстар Қай жерді мекен етеді? Қалай қоректенеді Төлдері қалай аталады? Аю мысық 2-топ Жануарлар мен құстар Қай жерді мекен етеді? Қалай қоректенеді Төлдері қалай аталады? Аққу жолбарыс 3-топ Жануарлар мен құстар Қай жерді мекен етеді? Қалай қоректенеді Төлдері қалай аталады? қасқыр қыран «2 жұлдыз, 1 тілек» стратегиясы арқылы топ арасында бағалау. Тыңдалым тапсырмасы «Жануарлар мен аңдардың төл атаулары» видеомәтінін тыңдай отырып, зерттеу кестесіне өзгеріс енгізіңіздер.Жұмыс барысында екі түсті қалам қолданыңыздар. Тыңдалымнан кейінгітапсырма Құстардың біріне төлқұжат дайындаңыздар. Таңдаған аң менжануарға немесе құсқа ат қойып, шағын сипаттама беріңіздер. Үлгі: Аты:Қасқыр Бала кездегі аты: Бөлтірік. Әкесі: Арлан. Анасы: ҚұртқаСипаттамасы: Қасқырдың баласын бөлтірік деп атайды. Бөлтірікті анасымен атасы кішкене кезінен өз тамағын тауып жеуге баулиды. Түрікөкшулан, көзі сұр түсті болады. Грамматикалық тапсырмаға келесі жұмысұсынылады: 1. Тыңдалымнан кейінгі тапсырмаға сүйеніп, зат есімніңмағыналық түрлері және олардың жалғаулар арқылы түрленуіне түсінікберіңіздер. /тірек кестелерді қолдану арқылы/ 2. Тыңдалған мәтіннензаттардың атауы болатын зат есім сөздерді табыңыздар. 3. Заттардыжаппай атаудан бөліп, жеке атаулармен атаңыздар. 4. Әр төлге бір есімберіп, осыдан жалқы есім туралы ереже қорытып шығарыңыздар.Жазылым тапсырмасы (жеке жұмыс) Жануарлардың төлдеріне ат беріп,«Менің құралайым» немесе «Бөлтірік пен Аланның достығы» дегентақырыпта шағын мәтін құрастырып жазыңыз. Бағалау критерийлері 1.Тәуелдік, септік жалғауларын дұрыс қолданады; 2. Жалпы және жалқыесімдерді ажыратады; 3. Сөйлемдер құруда зат есімдерді түрлендіреді.Оқушылар жұптық жұмыс арқылы бірін-бірі тыңдап, сөйлемдер құруда затесімдерді түрлендіре қолдануын бағалайды. Рефлекторлық экран Мендебәрі сәтті шықты ... Мен үйрендім ... Сабақта мен орындай алдым ... Бәріненмаған ұнағаны ... Бәрінен маған қиын болғаны ... Қосымша ақпаратДифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін неістейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздепотырсыз? Жұмыстың барлық түрінде оқушылардың қабілеті мен тілдікдеңгейлері ескерілді. Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықтымеңгергенін қалай тексересіз? Формативтік бағалау, жұптық бағалау</p>	
---	---	--